

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

ДҮНИЕТАНУ

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

(МАКЕТ)

3

Дүниетану: бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған оқулық. 2026 – 134 бет.

Шартты белгілер



Негізгі ақпарат



Картамен жұмыс



Сұрақтар мен тапсырмалар



Шығармашылық жұмыс



Тірек сөздер



Жұптық жұмыс



Топтық жұмыс



Жоғары деңгейдегі тапсырма



Зерттеу тапсырмасы



АКТ тапсырмалары

Алғы сөз

Құрметті оқушы! Сен биыл да «Дүниетану» пәнінің қыр-сырын оқып-үйренуді жалғастырасың. Бұл пән қоршаған әлем, табиғат және қоғам туралы негізгі түсініктер мен бастапқы ғылыми білім береді.

«Дүниетану» оқулығы сенің қоршаған ортаға деген қызығушылығыңды арттырып, табиғатқа, қоғамға, адамдарға, өз еліңе деген құрмет сезімі мен жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған.

Пәннің басты мақсаты – сенің табиғат пен қоғамды танып, саналы, жауапты азамат болып қалыптасуыңа негіз қалау.

Сонымен қатар оқулық достық, ынтымақтастық, отбасы мен мектептегі қарым-қатынас, өзін-өзі басқару негіздерін, күнделікті өмірге қажетті дағдыларды қалыптастыруды көздейді. Уақытты басқару, шығынды жоспарлау, еңбекке құрмет және бастапқы зерттеу және шығармашылық дағдыларды дамыту сияқты маңызды дағдыларға да осы кітапта берілген материалдарды меңгеру арқылы қол жеткізесің.

«Сұрақтар мен тапсырмалар», «Жұптық жұмыс», «Топтық жұмыс» айдарлары саған алынған білімді қолдануды үйретіп, бекіту, толықтыру жұмыстарын іске асыруға жетелейді.

«Картамен жұмыс», «Шығармашылық жұмыс», «Жоғары деңгейдегі тапсырма», «Зерттеу тапсырмасы», «АКТ тапсырмалары» айдарлары сұрақ қою, бақылау жүргізу, ақпаратты өңдеу, тұжырым жасау дағдыларын қолдануды, қауіпсіздік ережелерін меңгеруді үйретеді.

Сондай-ақ сен қоршаған орта туралы білім аласың, зерттеу жүргізіп, сұрақтар қоя білуді үйренесің, Өз еліңді сүюді, табиғатты қорғауды үйренесің, шығармашылық ойлау мен жауапкершілікке үйренесің, алған біліміңді өмірде қолдануға мүмкіндік аласың.

I БӨЛІМ



ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



Бұл бөлімнен сен:

Қазақстанда қандай климат барын білесің және ауа райы қауіпті болғанда өзіңді қалай қорғау керек екенін үйренесің;



табиғаттағы қауіп-қатерлер және олардан сақтану жолдарын меңгересің;

картадан түсі бойынша климаттық аймақты анықтайсың, Қазақстанның климаттық аймақтарын ажыратып, әр аймақтың ерекшеліктерін сипаттап жазасың;



апаттар туындаған жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруды меңгересің.





1-сабақ

Климат және ауа райы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанда қандай климат барын білесің және ауа райы қауіпті болғанда өзіңді қалай қорғау керек екенін үйренесің.

Ауа райы, климат, температура, жауын-шашын, бұлт, жел, жыл мезгілдері, карта.



Климат деген не?

Климат дегеніміз – **ұзақ уақыт бойы** белгілі бір аймақта қайталанып отыратын ауа райының түрі. Климат **жылдар бойы** қалыптасады. Мысалы: Қазақстанда қыс суық, жаз ыстық. Бұл – **құрлықтық климат**. Африкада жыл бойы ыстық. Бұл – **тропиктік климат**.

Қазақстан – өте үлкен ел. Оның әр бөлігінде **климат** әртүрлі болады. Сондықтан Қазақстанда бірнеше **климаттық аймақтар** бар.

Қазақстан климаттық аймақтары

Солтүстіктен оңтүстікке қарай: орманды дала → дала → шөлейт → шөл. Қазақстанның оңтүстігіне қарай ауа райы ысып, жауын-шашын азая береді.

1. Орманды дала аймағы (1-сурет).

Еліміздің солтүстік өңірлері. Климаты: жазы жылы, қысы суық, қарлы. Жауын-шашын мол. Орташа температурасы: қыста $-18...-22^{\circ}\text{C}$, жазда $+18...+20^{\circ}\text{C}$, жауын-шашын мөлшері 300–350 мм.



1-сурет. Орманды дала аймағы

2. Дала аймағы (2-сурет). Солтүстік және орталық өңірлер. Климаты: жазы жылы, қысы суық. Жауын-шашын орташа. Орташа температурасы: қыста $-15...-20^{\circ}\text{C}$, жазда $+20...+24^{\circ}\text{C}$, жауын-шашын мөлшері 200–300 мм.




2-сурет. Дала аймағы

3. Шөлейт аймағы (3-сурет). Орталық және батыс Қазақстан. Климаты: жазы ыстық, қысы суық. Жауын-шашын аз. Орташа температура-сы: қыста $-10...-15^{\circ}\text{C}$, жазда $+24...+28^{\circ}\text{C}$, жауын-шашын мөлшері 120–200 мм.



3-сурет. Шөлейт

4. Шөл аймағы (4-сурет). Оңтүстік және оңтүстік-батыс Қазақстан. Климаты: жазы ыстық. Қысы жұмсақ, қар аз. Жауын-шашын аз. Орташа температура-сы: қыста $-2...-8^{\circ}\text{C}$, жазда $+26...+28^{\circ}\text{C}$, жауын-шашын мөлшері 150–300 мм.



4-сурет. Шөл аймағы

Ауа райы деген не?

Ауа райы дегеніміз – белгілі бір жерде күнделікті болып тұратын табиғи құбылыстар (5-сурет). Ауа райы күн сайын, тіпті бірнеше сағат сайын өзгеріп отыруы мүмкін. Мысалы: Кеше жаңбыр болды. Бүгін күн ашық. Ертең қар жауады.



5-сурет. Ауа райының белгіленуі

Ауа райына не әсер етеді?

Ауа райына температура (ыстық/суық), жел, бұлт, жауын-шашын (қар, жаңбыр) әсер етеді.

Ауа райы мен климаттың айырмашылығы қандай? Ауа райы мен климаттың айырмашылығымен таныс (1-кесте).


1-кесте. Ауа райы мен климаттың айырмашылығы.

Ауа райы	Климат
Күн сайын өзгеріп тұрады. Мысалы: бүгін жаңбыр жауды	Ұзақ жылдар бойы қалыптасады. Мысалы: жазда аптап ыстық болады

Ауа райы	Климат
Қысқа мерзімді.	Ұзақ мерзімді.
Радио, теледидар арқылы күн сайын хабарланады	Географиялық карталарда көрсетіледі

Ауа райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныс. Оларды есте сақтап, қауіпсіздікті бірінші орынға қой! (2-кесте).

2-кесте. Ауа райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелері

	Қатты жел кезінде: үлкен ағаштар мен электр сымдарынан алыс жүр.
	Қарлы боран кезінде: Жылы киін. Жолда адаспау үшін таныс бағытпен жүр.
	Жаңбырлы күндері: қолшатыр ұста немесе су өткізбейтін киім ки. Сырғанап құлап қалмауға тырыс.
	Қатты ыстықта: күннің астында ұзақ жүрме. Су ішуді ұмытпа. Бас киім ки.
	Тұманды күндері: жолда мұқият бол, көліктерді байқа. Ата-анаңмен бірге жүр.



1. Берілген ауа райына сәйкес ереже жаз.

Қатты ыстықта: ... Жаңбырлы күні:

2. Сұрақтарға жауап бер. Өз жауабыңды дәлелмен айтып үйрен: «Менің ойымша...», «Себебі...».

Сұрақтар: 1. Ауа райын күнде өзгеріп тұратын құбылыс деп айтуға бола ма? 2. Климатты білу не үшін маңызды?



3. Карта (6-сурет) мен 3-кестеге сүйене отырып, өзің тұратын жердің қандай климаттық аймаққа жататынын анықта. Ерекшеліктерін айт.

3-кесте. Климаттық аймақтардың картада бейнеленуі

Аймақ атауы	Ұсынылған түс
Орманды дала аймағы	Жасыл
Дала климаттық аймағы	Ашық жасыл
Шөлейт аймағы	Сары
Шөл климаттық аймағы	Қоңырқай



6-сурет. Қазақстандағы климаттық аймақтар

4. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. Салыстыр да таңда.

Сұрақтар:

- Қазақстанның солтүстігінен оңтүстігіне қарай климаттық аймақтардың өзгеру реті қандай?

В деңгейі. Өз ойыңды дәлелдеп айт.

- Егер адамдар шөлейт жерде көп қоныстанса, не өзгерер еді?
- Егер орман жойылса, адамдардың өмірі қалай өзгереді?

С деңгейі. Топпен орындаңдар.

Жағдаяттар:

1-топ. Сыртта қатты ыстық. Саған сабаққа бару керек.

2-топ. Күн жаңбырлы. Саған сабаққа бару керек.

1-топ. Далада тұман. Саған сабаққа бару керек.

Тапсырма. Жағдаятты шеш. Ең дұрыс шешімді таңда.

Не кию керек?

Не істеуге болмайды?

Неге?



5. Сұрақтарға жауап бер.

- Ауа райы деген не?
- Қолайсыз ауа райында не істеу керек?
- Бүгінгі ауа райын сипатта.
- Климат деген не?
- Қазақстанның климаты қандай?
- Ауа райы мен климаттың айырмашылығы қандай?



2-сабақ

Адамдар неге әртүрлі жерде тұрады?

Бүгінгі сабақта:

- адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдауды меңгересің;
- табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырасың.

Рельеф, климат, өсімдіктер әлемі, жануарлар әлемі, адам қоныстануы, су нысандары, табиғатқа бейімделу, геологиялық апаттар, алдын алу шаралары.



Адамдар өмір сүру үшін табиғи жағдайларға бейімделеді. Олар жер бедеріне, ауа райына (климатына), су көздеріне қарап қоныстанады. Әр жерде табиғат әртүрлі. Сондықтан адамдар да әр жерде әртүрлі тіршілік етеді.

Адамдардың орналасуына әсер ететін 4 негізгі факторлар:

1. Рельеф (жер бедері) Жер беті тегіс болмауы мүмкін. Кей жер таулы, кей жерлер жазық болады. • Жазық жерде адамдар егін егіп, жол салады, қалалар тұрғызады. Жер бедері жазық жерде өмір сүру ыңғайлы (7-сурет). Мысалы, Сырдария бойында егін егіледі. • Таулы жерде адамдар мал өсіреді. Үйлерін биік жерге салады (8-сурет). Мысалы, Алатау тауларында жайлауда мал бағылады.	2. Климат (ауа райы) Ауа райы адамдардың өміріне әсер етеді. Жайлы климат адамға қолайлы. Мысалы: оңтүстікте жылы, сондықтан егіншілік жақсы дамыған. • Ыстық жерлерде мақта, күріш егіледі. • Суық аймақтарда жылы үйлер салынады, қысқа дайындық жасалады. Солтүстікте суық – адамдар жылы киінеді.
3. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі Адамдар өсімдіктер мен жануарлар бар жерге қоныстанады. Өсімдіктер мен жануарлар – тіршілікке қажет орта.	4. Су нысандары Су – өмір көзі. Адамдар өзен, көл, бұлақ бар жерге жақын тұрады. Ауылдар мен қалалар өзен, көл маңында орналасады (9-сурет).

- **Орманда** ағаш кеседі, саңырауқұлақ тереді.
- **Далада** мал өсіреді, шөп жинайды.

Мысалы, Шығыс Қазақстанда орман көп, ал Батыста далалы аймақ көп.

- Су егін егу, ішу, балық аулау үшін керек.
- Су болмаған жерде адамдар аз тұрады.


Мысалы, Ертіс өзенінің бойында қалалар көп (Семей, Павлодар)



7-сурет. Ақтөбе қаласы жазықтықта орналасқан



8-сурет. Тау етегінде орналасқан Саты ауылы (Алматы облысы)



9-сурет. Астана қаласы Есіл өзені жағасында орналасқан



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. Қауіпсіздік ережелерімен танысып, сұрақтарға жауап бер (4-кесте).

4-кесте. Апат түрлері және қауіпсіздік ережелері

Апат түрі	Қауіпсіздік ережесі
Жер сілкінісі	Үстелдің астына тығыл, терезеден алыста бол
Су тасқыны	Биік жерге шық, 112 нөміріне хабарлас.
Дауыл, боран	Үйден шықпа, терезені мықтап жап, жылы киін.
Орман өрті	Өрттен алыс бол. Тыныс алатын маска қолдан.

- Егер жер сілкінісі болып жатса, не істер едің?
- Егер су тасқыны басталса, не істейсің?


В деңгейі. Сен – саяхатшысың. Қазақстанның 3 түрлі табиғи аймағын зерттедің (10, 11, 12-сурет). Енді сен отба-

сыңмен бір жерге қоныстануың керек. Таңдауыңды түсіндір. Сұрақтарға жауап бер.

- Қай жерге қоныстанасың?
- Ол жерде өмір сүру үшін не қажет болады?
- Қандай қиындықтар болуы мүмкін?
- Қандай мүмкіндіктер бар?



10-сурет. Таулы аймақ



11-сурет. Шөлді жер



12-сурет. Өзен-көл жағасы

С деңгейі. Картадан (13-сурет) өзін тұратын жерді тап. Табиғатын, жер бедерін сипатта.



13-сурет. Қазақстан картасы



2. 4 топқа бөлініп, 4 түрлі табиғи жағдайға (тау, шөл, орман, өзен маңы) адамдардың қалай орналасатыны туралы постер жасаңдар. Мысалы: тау – үйлердің түрі, малшаруашылығы; өзен бойы – егіншілік, қала; шөл – сирек елді мекендер.



3. Мұғалім мен оқушының диалогін оқы. Топпен табиғи-климаттық апаттар кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырыңдар.

– Балалар, табиғатта кейде қауіпті жағдайлар болады. Мысалы, қатты жел, су тасқыны немесе жер сілкінісі. Осындай кезде біз не істеуіміз керек деп ойлайсыңдар?

– Сабыр сақтау керек.

– Иә, сабыр сақтасақ, дұрыс әрекет ете аламыз. Ең алдымен кімді тыңдауымыз керек?

– Үлкендерді.

– Дұрыс! Үлкендердің айтқанын мұқият тыңдау қажет. Ал қатты жел соғып тұрса, ағаштың астында тұруға бола ма?

– Жоқ, болмайды.

– Өте жақсы! Ағаштар мен бағандардан алыс жүреміз. Ал егер жерден үзілген электр сымын көрсек ше?

– Оған жақындамаймыз.

– Дұрыс айтасың! Электр сымдарына жақындамау керек. Егер қауіп сезінсек, не істейміз?

– Ата-анама телефон соғамын.

– Өте жақсы! Хабар беру – өзімізді қорғаудың бір жолы.



4. Сұрақтарға жауап бер.
- Адамдар неге өзен бойына жақын тұрады?
 - Тау мен жазықтың өмір сүруге айырмашылығы неде?
 - Табиғи жағдайлар қоныстануға қалай әсер етеді?



3-сабақ

Табиғи ортадағы қауіпсіздік

Бүгінгі сабақта:

- түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтауды және табиғи ортадағы өз қауіпсіздігіңді жоспарлауды үйренесің.

Табиғи орта, қауіп-қатер, табиғи апат, геологиялық қауіп, климаттық қауіп, өрт қаупі, су қаупі, алғашқы көмек, қауіпсіздік жоспары, алдын алу.



Табиғи орта деген не?

Табиғи орта – бізді қоршаған табиғат: ауа, су, жер, өсімдіктер, жануарлар, таулар, өзендер, ормандар.

Табиғи ортадағы қауіп-қатер деген не?


Кейде табиғат бізге қауіп төндіруі мүмкін. Мысалы:

- су тасқыны (14-сурет);
- қатты жел немесе дауыл (15-сурет);
- жер сілкінуі (16-сурет);
- қар көшкіні (17-сурет);
- құрғақшылық (ұзақ уақыт жаңбырдың жаумауы).


Бұлардың бәрі – **табиғи қауіп-қатерлер**.



14-сурет. Су тасқыны



15-сурет. Дауыл



16-сурет. Жер сілкінуі



17-сурет. Қар көшкіні



18-сурет. Құрғақшылық

Түрлі дереккөздер деген не?

Дереккөздер – біз ақпарат алатын орындар. Мысалы:

- теледидар (жаңалықтар);
- интернет (19-сурет);
- оқулықтар;




19-сурет.

- мұғалім немесе үлкендер;
- ғалымдар (зерттеу жүргізеді);
- ауа райы болжамы.

Осы дереккөздерден біз табиғи қауіптер туралы ақпарат аламыз. Мысалы: «Бүгін түнде қатты жауын жауып, су тасуы мүмкін», – деп хабарласа, бұл – маңызды ескерту.

Қауіп-қатерді қалай анықтаймыз?

1. **Қарау:** аспанда қара бұлт көп болса, жаңбыр жаууы мүмкін (20-сурет).
2. **Тыңдау:** теледидардан немесе радио арқылы ауа райын білу.
3. **Сұрау:** бұрын осындай жағдай болған ба екен? Үлкендерден сұрау.
4. **Бақылау:** ғалымдар жер сілкінуін немесе су деңгейін арнайы құралдармен бақылайды.



20-сурет. Бұлт


Қауіптерді бағалау деген не?

Бағалау дегеніміз – қауіптің қаншалықты күшті екенін, қай жерде болуы мүмкін екенін білу.


Мысалы:

- аздаған жаңбыр – қауіпсіз (21-сурет);
- нөсер (22-сурет) мен су тасқыны – қауіпті;
- әлсіз жер сілкінісі сезілмеуі мүмкін;
- күшті жер сілкінісі кезінде үйлер құлауы мүмкін.

Мысалы: Айгүл теледидардан «Бүгін тауда қар көшкіні жүруі мүмкін. Тауға бармаңыздар!» деген хабар естіді. Бұл –



21-сурет. Жаңбыр



22-сурет. Нөсер жаңбыр

қауіп бар екені туралы ақпарат. Ол ата-анасына айтып, тауға бармады. Бұл – қауіп-қатерді **анықтап, бағалап, алдын алу**.


Қауіптен қалай қорғанамыз?

Ол үшін: ауа райын қадағалау; қауіпті жерлерге бармау; үлкендердің сөзін тыңдау; дабыл белгілерін білу (мысалы, сирена немесе СМС хабарлама); төтенше жағдайда қауіпсіздік жоспарын сақтау керек.

Табиғи ортада кейде қауіп-қатер болады. **Мысалы:** таулы жерде – құлау қаупі; орманда – адасып кету, жәндік шағуы; өзен-көлде – суға бату; найзағай – ток соғу; шөлді жерде – сусыз қалу; қатты жел – бұтақтардың сынуы. Бірақ біз оларды **түрлі дереккөздерден біліп, алдын ала дайындалсақ, өмірімізді қауіпсіз ете аламыз!**

Табиғатқа шықпас бұрын: 1) ата-анаңа қайда баратыныңды айт. Рұқсат ал. 2) Қажетті заттарды ал (су, тамақ, бас киім, телефон, карта). 3) Ауа райын біл. Жаңбыр немесе суық болса, сәйкес киім ки. Саяхатқа шыққанда: 1) қауіпсіздік ережелерін сақта. Топтан бөлінбе, бейтаныс жерге барма. 2) Табиғатты қорға. Қоқыс тастама. Ағашты сындырма. Жануарларға зиян келтірме.

Орманда, өзен жағасында, таулы жерде, найзағай кезінде, мұзайдында сырғанақ тепкенде сақтық шараларын сақтау керек (23-сурет).




Орманда



Өзен жағасында



Тауда



Мұзайдында

23-сурет. Табиғатта абай бол!



1. 1. Жағдаятты шеш.
Сен достарыңмен бірге **орманға серуенге** баруға жиналдың. **Сұрақ:** бармас бұрын қандай әрекеттер жасауың керек?

2. Сұрақтарға жауап бер. Қауіпсіздік жоспарын жаса.

Қауіп-қатерді болжа. Орманда қандай қауіп болуы мүмкін? Кем дегенде 3 қауіп түрін жаз. Мысалы: бұтақтың сынуы.



2. Шешім ұсын. Қауіп туындағанда қандай әрекет жасау керек? Қалай алдын алуға болады?

Қауіп түрі	Шешім (не істеу керек?)
Адасып кету	
Жәндік шағуы	
Жарақат алу	



3. QR-кодты сканерлеп, бейнежазбамен таныс. Білгендеріңді қорытып, өз қауіпсіздік ережелеріңді құрастыр.



4. Сабақ соңындағы сұрақтар:
 - Қандай қауіп-қатер болуы мүмкін?
 - Табиғатта серуендегенде неге көңіл бөлу керек?
 - Өз қауіпсіздігіңді қалай жоспарлар едің?
 - Неліктен қауіпсіздік жоспары маңызды?
 - Сен өз өміріңе жауаптысың ба?
 - Басқалардың қауіпсіздігіне де жауап бере аласың ба?



I БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

«Жанды табиғат» бөлімінен жер климатының қандай түрлері бар екенін білдім.

Адамдардың орналасуына табиғи жағдайлардың әсер ететінін білдім.

Табиғи апат кезінде қалай өзін-өзі қорғау керек екенін білдім.

Табиғатта өзімнің қауіпсіздігімді қалай жоспарлау керек екенін білдім.

Мен не үйрендім?

Ауа райын бақылап, болжауды үйрендім.

Қолайсыз ауа райында қалай дұрыс әрекет ету керек екенін үйрендім.

Түрлі дереккөздер арқылы табиғи қауіптерді анықтауды және бағалауды үйрендім.

Табиғатта өзімнің және өзгелердің өмірі үшін жауапты болуды үйрендім.

Сыни ойлау тапсырмалары

Неліктен Қазақстанның әр өңірінде ауа райы әртүрлі деп ойлайсың?

Егер сен синоптик болсаң, ертеңгі ауа райын қалай болжайсың?

Неліктен адамдар өзен бойына, жазық жерге көбірек қоныстанады?

Егер сен шөлде өмір сүрсең, қандай қиындықтар мен мүмкіндіктер болар еді?

Табиғи ортада ең жиі кездесетін қауіп түрі қандай деп ойлайсың? Неліктен?

Егер орманда адасып қалсаң, не істер едің?

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
I бөлім. Жанды табиғат	5
1-сабақ. Климат және ауа райы	6
2-сабақ. Адамдар неге әртүрлі жерде тұрады?	11
3-сабақ. Табиғи ортадағы қауіпсіздік	15
I бөлім қорытындысы.....	19
Білімді тексер.....	20
II бөлім. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	21
4-сабақ. Отбасы – менің бағалы қазынам.....	22
5-сабақ. Еңбек – отбасы мен мемлекеттің іргетасы.....	25
6-сабақ. Ақылды бала ақшасын жоспарлай біледі	28
7-сабақ. Әдептілік пен достық – өмірдің айнасы.....	30
8-сабақ. Сынып ережесі – тәртіп пен татулық кепілі	33
II бөлім қорытындысы.....	36
Білімді тексер.....	37
III бөлім. Уақыт	39
9-сабақ. Менің отбасым және шежірем.....	40
10-сабақ. Спорт түрлері және менің қабілетім	43
11-сабақ. Көшпелі және отырықшы өмір салты.....	46
12-сабақ. Тарихты танып, ескерткішті құрметтейік.....	48
13-сабақ. Конституция – еліміздің басты заңы	51
III бөлім қорытындысы	54
Білімді тексер.....	55
IV бөлім. Сәулет өнері	57
14-сабақ. Ауыл – елдің жүрегі, қала – елдің келбеті	58
15-сабақ. Саяхаттау – керемет әсер.....	61
16-сабақ. Жергілікті жердің жоспары.....	65
IV бөлім қорытындысы	68
Білімді тексер.....	69
V бөлім. Өнер.....	71
17-сабақ., Отбасы – сыйластық пен сүйіспеншілік мектебі	72
18-сабақ. Сақтық – адамның ең жақсы қасиеті	76
19-сабақ. Әр белгіде сыр бар.....	79
20-сабақ. Тарих – тәрбие құралы.....	82
21-сабақ. Тарихи мұра – елдің мақтанышы	84
V бөлім қорытындысы	87
Білімді тексер.....	90

VI бөлім. Атақты тұлғалар	89
22-сабақ. Ұлы адамдардың ізі – тарихтың тірегі	90
23-сабақ. Тарихын таныған ел тозбайды	92
24-сабақ. Ел үшін туған ер – еліне пана	94
25-сабақ. Жақсының аты өлмес, ғалымның хаты өшпес!	97
26-сабақ. Тәуелсіздік – бабалар аманаты	100
VI бөлім қорытындысы	102
Білімінді тексер	103
VII бөлім. Су – тіршілік көзі	105
27-сабақ. Табиғат пен адамның байланысы	106
28-сабақ. Саяхат – рухани байлықтың бір жолы	110
29-сабақ. Таза табиғат – қауіпсіз өмір кешені	114
30-сабақ. Табиғат досың да, жауың да бола алады	117
VII бөлім қорытындысы	120
Білімінді тексер	121
VIII бөлім. Демалыс мәдениеті. Мерекелер	123
31-сабақ. Өткенді ұмытпа, болашақты сақта	124
32-сабақ. Шығынымды басқарамын	127
33-сабақ. Салауатты өмір спорттан басталады	130
34-сабақ. Ұлттық мерекелер – ұрпаққа үлгі	133
VIII бөлім қорытындысы	136
Білімінді тексер	137
Глоссарий	138
Пайдаланылған әдебиеттер	140